

экономика ғылымдарының докторы, профессор

Р. ИЮКАН²

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ

¹Қазак экономика, каржы және халыкарапк савда университеті

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Keywords: mono-town, economy, potential, region, housing and communal services, social infrastructure, transport, industry, production, state policy.

Моноқалалардың мәселелері ғаламдық сипатқа айналғаны қашан. Дамыған елдердің өзінде әлемдік және ішкі нарықтық өзгерістерден толыққанды сақтандырылған қала жоқ. Кез-келген әлеуметтік, саяси немесе экономикалық өзгеріс салдарынан шағын қалалар зардап тартады, олар үлкен әлеуметтік және экономикалық мәселелермен бетпе-бет келеді. Қазақстан Республикасы үшін моноқалалар мәселесі салыстырмалы түрде жаңа сипатта болса, АҚШ-да company towns мәселесінің туындағанына ғасырдан астам уақыт болып отыр. Моноқалалар мәселесі АҚШ-да, әсіресе өткен ғасырдың 70-ші жылдары ерекше шиеленісті. Шығыс Азия елдеріндегі өнеркәсіптің өсуі, әсіресе болат құю және автокөлік өнеркәсіптеріндегі қарқынды өзгерістер американдық компаниялардың құлдырауы мен тоқырауына әкелгені белгілі. Мұндай өзгеріс қаланың қалыптасуына негіз болған кәсіпорында тұрғындарының басым бөлігі жұмыс істейтін шағын қалалардың жағдайын әлсіретуге ықпалын тигізеді. Өнеркәсіп өндірістерінің күрт құлдырауына тап болған территориялар АҚШ-да «Rust Belt» («тот басқан белдеу») – атауына ие болды. АҚШ-ғы моноқалалардағы жұмыссыздық, тұрғындардың қартаюуы, жастардың қаладан кету мәселелерімен жергілікті биілік айналысады. Федеральдық Үкімет көмекке зәру қалаларға әр түрлі қосымша бағдарламалар қабылдауға, импортқа шектеу қоятын тарифтерді белгілеу арқылы қолдау көрсетеді.

Моноқалалардың құлдырауымен күресудің американдық стратегиясын екі топқа жіктеуге болады [1]. Бірінші бағыты өсуді қолдау болса, екінші бағыты шығындарды қысқартуға бағытталған. Экономикалық өсуді қолдау әрбір жалдамалы қызметкерге субсидия, не салықтық жеңілдіктері бар кәсіпкерлік аймақты құру бағытында іске асырылған. Туристік орталықтар, ойын-сауық орталықтары, сауда мекемелерін ұйымдастыру арқылы өңірдің өсуін қолдау қолға алынды.

Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің және еңбекке жарамды халықтың негізгі бөлігі (20% және одан да көп) бір немесе бірнеше қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы яғни монобейінді, қаладағы экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорындар шоғырланған қалаға моноқала атауы берілген.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар және төмендегі топтастыру жүйелерінің бірімен сипатталатын қалалар жатады [2]:

қаладағы, негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіптік

өндіріс көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20%-нан астамын құрайтын (мономамандану);

қаладағы қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20%-дан астамы жұмыс істейтін;

қала құраушы кәсіпорындары ішінара істейтін немесе қызметін тоқтатқан қалалар жатқызылады.

Елдегі қалалардың 27-і моноқала құрамына кіреді, онда шамамен 2014 жылғы көрсеткіш бойынша 1,64 млн. адам немесе жалпы ел халқының 9,4%-ы өмір сүреді [3]. Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің басым бөлігі моноқалаларда орналасқан (1-кесте).

Елдегі моноқалаларда негізінен бұрынғы қала құраушы кәсіпорындардың, немесе өңірдегі басым саланың жағдайына байланысты мәселелер пайда болды. Олар: инженерлік, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық яғни әлеуметтік инфрақұрылымның тозуы. Моноқалалардағы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық объектілерінің тозу дәрежесін төмендегі сандық мәліметтерден көруге болады (2-кесте).

Көріз, жылу, су құбыры және электр желілерінің тозуы жоғары дәрежеде қалып отыр, оларды жаңалау мен айырбастау жұмыстары қомақты қаржылық салымды қажет етеді. Моноқалалардың жартысында (14 қала) электр желілерінің тозуы 70%-ға жеткен. Статистикалық мәліметтерді талдайтын болсақ, Ақсай (94%), Риддер (82%) және Жітіқара (81,3%) қалаларында электр желілерінің тозуы жоғары дәрежеде. Жылу желілерінің тозуы Ақсай (95%), Текелі (80), Зыряновск (80), Серебрянск (78), Курчатов (68); су құбырларының тозуы Жаңатас (95%), Зыряновск (82%), Серебрянск (75%), Курчатов (74%), Қаратау (60%), Кентау (60%) қалаларында сын көтермейді. Сонымен қатар, моноқалалардағы жалпы тұрғын үй қорындағы апатты үйлердің үлесі жоғары деңгейде. Апатты үйлердің тұрғын үй қорының жалпы ауданындағы үлесі Арқалық (84,7%), Абай (36,7), Жаңаөзен (10,9), Қаратау (8,4) және Жаңатас (7,1) қалаларында жоғары. Моноқалалардың дамуын тежейтін негізгі жағдайлардың бірі – өндірістік инфрақұрылымның нашарлығы болып отыр. Әсіресе көлік алыстығы және автомобиль жолдарының нашарлығына қатысты мәселенің өзектілігі жоғары. Моноқалаларды көліктік тасымалдау инфрақұрылымының бойында орналасуына байланысты екіге топтауға болады. Біріншіден, 20 моноқала теміржол желілерінің, 7 қала теміржолдан алыс не теміржол тұйығында орналасқан. Екіншіден, елдің 27 моноқаласының ішінде 6 қала – халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары бойында, 14 қала – республикалық маңызы

[illegible]

1-кесте. ҚР моноқалалар және олардың мамандануы, экономикалық әлеуеті

Облыстар	Моноқалалар	Тұрғындар саны, мың адам (2014ж. 01.01)	Мамандануы	Экономикалық даму әлеуеті
Ақмола	Степногорск	66,7	Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі	Орташа
Алматы	Текелі	30,8	Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі	Орташа
Ақтөбе	Хромтау қ.	25,2	кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі	жоғары
Атырау	Кұлсары	55,5	Өңдеу өнеркәсібі	Орташа
Шығыс Қазақстан	Зыряновск	37,9	Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі	Орташа
	Курчатов	11,7		Орташа
	Риддер	58,0		Жоғары
	Серебрянск	9,1		Орташа
Жамбыл	Жанатас	21,6	Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі	Төмен
	Қаратау	27,6		Орташа
Батыс Қазақстан	Ақсай	33,6	кен өндіру өнеркәсібі	Орташа
Қарағанды	Балқаш	78,0	Тау-кен өнеркәсібі	Орташа
	Жезқазған	89,0		Орташа
	Қаражал	19,2		Орташа
	Саран	51,4		Орташа
	Сатпаев	70,2		Орташа
	Теміртау	182,6		Жоғары
	Шахтинск	57,3		Орташа
	Абай	27,9		Орташа
Қостанай	Арқалық	41,7	кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі	Төмен
	Жетіқара	35,2		Орташа
	Лисаковск	41,2		Орташа
	Рудный	128,3		Жоғары
Маңғыстау	Жаңаөзен	130,6	Тау-кен өнеркәсібі	Орташа
Павлодар	Ақсу	69,4	Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі	Жоғары
	Екібастұз	149,1		
Оңтүстік Қазақстан	Кентау	90,7	кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі	Орташа

Ескерту: әдебиет көзі негізінде құрастырылған [2].

Ескерту: әдебиет көзі негізінде құрастырылған [2].

2-кесте. Моноқалалардағы тұрғын үй коммуналдық инфрақұрылымдардың тозу дәрежесі

Көрсеткіштер	Моноқалалар
Электр желілерінің тозуы, %	Ақсай (94), Риддер (82), Жітіқара (81,3), Зыряновск (82)
Жылу желілерінің тозуы, %	Ақсай (95), Текелі (80), Зыряновск (80), Серебрянск (78), Курчатов (68)
Су құбыры желілерінің тозуы, %	Жаңатас (95 %), Зыряновск (82 %), Серебрянск (75 %), Курчатов (74 %), Қаратау (60 %), Кентау (60 %)
Үйлердің апатты жағдайы, %	Арқалық (84,7), Абай (36,7), Жаңаөзен (10,9), Қаратау (8,4), Жаңатас (7,1)
Ескерту: әдебиет көзі негізінде құрастырылған [2].	

Ескерту: әдебиет көзі негізінде құрастырылған [2].

маңызы бар басқа жолдарды реконструкциялау көзделген. Жобаны іске асыру барысында республика көлемінде 200 мыңға тарта жұмыс орнын құру жоспарланған. Автожол саласындағы жобаларды іске асыруға Ұлттық қордан 301,3 млрд. теңге қаражат бөлінбек. Теміржол саласы мен көліктік - логистикаға келсек, ондай жобаларды іске асыруға ұлттық компаниялар қаражаты есебінен қоса

қаржыландыру 19 млрд. теңгені құрап, бірқатар теміржол желілерін жаңарту мен жаңа теміржол төсемдерін салу қолға алынбақ [4].

Моноқалалардың әлеуметтік инфрақұрылымының негізгі мәселелері мектепке дейінгі білім беру, тәрбиелеу мекемелерінің жетіспеушілігіне, халықты медициналық кадрлармен қамтамасыз етудің төмендігіне байланысты болып отыр. Осылайша мектепке дейінгі білім беруді қамту көрсеткіші Қаратау қаласында – 34,8%, Жаңатас қаласында – 35,4%, ол республикалық деңгейден (3-6 жастағы балалар үшін 65,4%) айтарлықтай төмен [5]. Моноқалалардағы экономиканың бір саласына мамандану жағдайлары өндіріс орны орналасқан елді мекеннің дамуына қатысты мәселелерді туғызып отыр. Экономикалық тұрғыдан бір салаға мамандану, қала дамуының сыртқы ортаға тәуелділігін және сыртқы ортада қалыптасқан кезкелген өзгеріс салдарына қарсыласу деңгейінің төмендігін туғызады. Қала қалыптастырушы кәсіпорын өніміне сұраныстың және өнім бағасының төмендеуі мен сыртқы экономикалық конъюнктурадағы өзгерістер нәтижесінде елді мекенде дағдарысты экономикалық жағдайлардың ұзаққа созылатындығын еліміз тәуелсіздік алған жылдардағы, одан кейінгі экономикалық дағдарыс кезеңдерінен байқалғанын атап өтуге болады.

Моноқалалардағы өндірістің құлдырауымен байланысты бірқатар әлеуметтік сипаттағы құлдыраулар жұмыссыздық, жергілікті халықтың әл-ахуалының төмендеуі, қала халқының миграциялық процеске ұшырауы тәрізді мәселелер туындайды. Халық санының азаюы Арқалық (33,5%), Қаражал (19,5), Абай (19,3), Жаңатас (18,2) және Серебрянск (16,3) қалаларында байқалған.

Жоғарыдағы талдаулар моноқалалардағы мәселелерді шешудің оңтайлы жолдары мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде шешілуі керектігін көрсетіп отыр. Қазақстандағы моноқалалардағы әлеуметтік даму мәселелері, тікелей сол өңірде тұратын тұрғындардың елді мекен төңірегінде жұмыс істейтін кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық жағдайына тәуелді. Кәсіпорынның қаржылық мәселелері өңірдегі әлеуметтік бағдарламаларды инвестициялауды төмендетуге, әлеуметтік инфрақұрылымдарды ұстап тұру шығындарын азайтуға, тұрғын үй коммуналдық тарифтерін, тауарлар мен қызметтер бағасын өсіруге тікелей әсерін тигізіп отыр. Қазақстанның территориялық құрылымы, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлары моноқалалардағы демографиялық мәселелерді шешудің қиындығын туғызып отыр. Бұл жағдайлар өңір тұрғындарының моральдық-психологиялық жағдайының төмендеуіне, тұрғындар арасындағы жұмыссыздыққа, көшіп-қону көрсеткіштеріне ықпал етеді, бұл қаладағы еңбек ресурстарының саны мен сапасын төмендетуге әкеліп соғады (3-кесте). Аталмыш өзгерістерді Қарағанды облысының моноқалаларының статистикалық мәліметтерінен көруге болады. Моноқалалардың 29,6 пайызы немесе 8-і Қарағанды облысының территориясында орналасқан. Республика бойынша тау-кен, қара және түсті металлургия кәсіпорындары – «Қазақмыс», «Арселормиталл», «Балқаштүсті-металл» өндірістік бірлестігі, Саран, Абай, Шахтинск көмір шахталары, «Казцинк», «Өркен» ЖШС және т.б. өндеуші-өндіруші кәсіпорындар Орталық Қазақстан территориясында орналасқан.

3-кесте. Қарағанды облысындағы моноқалалардың дамуындағы демографиялық-экономикалық көрсеткіштері (2014 ж.)

Облыс және қалалар	Халық саны, адам	Халық көші-қоны		Жұмыспен қамтылғандар, адам	Орташа атаулы айлық, теңге	Жұмыссыздар саны, адам
		келгендер	кеткендер			
Қарағанды облысы	1369667	33176	36038	678387	107821	34700
Балқаш	78002	1200	1504	38589	103146	2160
Жезқазған	89032	1317	2212	43835	115077	2203
Қаражал	19172	299	596	8484	106487	392
Саран	51413	957	742	24402	78324	1089
Сатпаев	70147	554	1459	33528	161124	1588
Теміртау	182551	3410	2659	90804	107102	4598
Шахтинск	57276	1364	1358	28057	76944	1393
Абай	27900	1716	1750	26178	83463	1328

Ескерту: [5] әдебиет көзі негізінде құрастырылған

Моноқалалардың жағдайын сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді талдайтын болсақ, халықтың көшіп-қонулары, оның

ішінде кеткендер санының көптігі Теміртау (2659 адам), Жезқазған (2212) және Балқаш (1504) қалаларында байқалады. Экономика

A horizontal decorative line composed of approximately 40 small, solid black diamond shapes arranged in a single row.

мегаполистерге айналуымен күресудің оңтайлы жолы болып табылады.

4-кесте. Моноқалалардың SWOT-талдауы

134

Моноқалалардағы әлеуметтік саланың SWOT-талдаудың күшті жақтарына басымдық бере отырып, өңірдің мүмкіндіктерін арттыруға және қауіптердің алдын алуға қол жеткіземіз. Әлсіз жақтарды барынша төмендету кезінде өңірдің мүмкіндіктерін пайдалану, қауіптерді, әлсіз жақтарды жеңу үшін іске асырылуы қажет шаралар қатары айқындалды. Өңірдегі жұмыссыздықты тиімді шешуде және жергілікті кадрлардың тұрақтамаушылығына қатысты мәселелерді тұрғындардың әлеуметтік белсенділіктерін арттыру, жергілікті кадрларды даярлау және қайта даярлау мен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолымен шешуге болады. Моноқалалардан халықтың қолайлы өмір сүру өңірлерге қарай көшу тенденциясын азайту немесе алдын алу үшін өңірді әлеуметтік қолдау шараларын арттыру, шағын және орта бизнестің дамуына кеңінен мүмкіндік ашу, халықтың әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мүмкіндіктерін арттыру жолдарын қарастыру керек.

Өнеркәсіптік-экономикалық сала бойынша моноқалалардағы ірі өнеркәсіп орындарының жұмыс істеуі, дамыған көлік, логистика инфрақұрылымдарының жұмыс істеуіндегі күшті жақтарына назар аудара отырып, өндірісті инновациялық дамыту, өңірлік экономиканы диверсификациялау тәрізді мүмкіндіктерді пайдалану арқылы, жергілікті экономиканы жандандырудың жолдарын айқындауға болады.

Моноқалаларды дамыту үшін өңірдегі ресурстарды тиімді пайдалану керек. Қалаларды дамытудың жолдары ретінде төмендегідей ресурстарға басымдық берілу қажет:

- табиғи (пайдалы қазбалар, құнарлы жер телімдері, орман алқаптары, су ресурстары);
- энергетикалық (гидростанциялар, ЖЭС);
- ғылыми-өндірістік (технология, құрал-жабдық, кадр);
- туристік-рекреациялық (ерекше табиғи, тарихи-мәдени, танымдық, рекреациялық объектілер);
- көлік-тасымалдау инфрақұрылымы (темір жол, республикалық маңызы бар авто-трассалар, өзен, теңіз).

Сонымен қатар шағын қалалар жаңа өндірістік территорияларды игеруде тірек болуы мүмкін. Көптеген елдерде әр жылдарда шағын және моноқалаларда өндіріс күштерін орналастыруда ынталандырушы не реттеуші, тұрғылықты елді мекендер мен өнеркәсіп аймақтарда жаңа өнеркәсіп құрылыстарын шектеу не жұмысын тоқтатуға қатысты құқықтық-нормативтік актілерді қабылдаған. АҚШ, Франция, Жапония, Германия тәрізді елдерде дамымай қалған территорияларды дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламалары әзірленіп, іске асырылған. Мемлекеттік

деңгейде қабылданған бағдарламаларда өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдардың жұмысын ұйымдастыру шаралары қолға алынған.

Шағын және моноқалалардың дамуын экономикалық ынталандыру арқылы оларды белсенді экономикалық өсу орталықтарына айналдыруға болады. Мысалы, Жапонияда қала маңындағы ірі мегаполистерді біріктіре отырып, тұтастай территорияларды дамытудың ұзақ мерзімді болжамды бағдарламасы әзірленген. Моноқалаларды сауықтыру мен қордаланған негізгі мәселелерді мемлекеттік бюджет есебінен шешудің көптеген мысалдары бар. Ұлыбританияның Глазго қаласында әлемдік деңгейдегі мәдени шараларды ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік беретін театрлар және съезд сарайлары салынған. Ал, Корби қаласында еркін аймақ құрылған. Мемлекет бизнесті реттеуге шектеулі түрде қатысуды және мүлік пен жалдық ақыға салынатын салықтан 10 жыл мерзімге босатуды іске асырған. Германияның көмір өндіретін алқабы Рур облысындағы моно-өңірлерді сауықтыру жұмысы іске асырылған. Өңірде федеральдық бюджет есебінен жоғары оқу орындарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданған.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылған әкімшілік және экономикалық реформалардың барысында барлық деңгейлердегі жергілікті экономикалық басқару жүйесіне өзгерістер жасалынды. Бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қалыптасуы мен нығаюына мүмкіндік берсе, екінші жағынан басқарудың нарықтық тетіктерінің дұрыс деңгейде дамымауынан елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан теңсіздігіне байланысты кейбір мәселелердің қалыптасуына негіз болды. Стратегиялық басқару тетіктерінің көмегімен моноқалалардағы әлеуметтік және экономикалық сипаттағы жағдайларды шешу қолға алыну керек.

Қазақстанда моноқалаларды дамытуға қатысты ауқымды реформалар әлі аяқталған жоқ. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданып, іске асырылып жатыр.

Бағдарламаға сәйкес моноқалалар «үшінші деңгейдегі» қалалар қатарына кіргізіліп, өңірлерді дамытуға қатысты келесідей шаралар қарастырылуда:

- ✓ жылумен-, сумен-, газбен-, электрмен жабдықтау желілерін жаңғырту;
- ✓ қалалық сумен жабдықтау және су бұру желілеріндегі апаттық жағдайды азайту;
- ✓ тұрғын үй құрылысын арттыру;
- ✓ күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминиум объектілерінің үлесін азайту;

